

жетпеген еңбегінің өңделіп, толықтырылған түрі болып табылады. Шығармада Шығыс Еуропа, орыстар, хазарлар, бұлғарлар, бұртастар туралы қызғылықты мәліметтер бар. Қазіргі Қазақстан аумағын мекен еткен кимектер, оғыздар және қарлұқтар туралы ауқымды, нақты материалдар берілген. Әл-Истахри «тоғыз-оғыздар, хырхыздар, кимектер оғыздар, және қарлұқтар сияқты — түркілердің барлығына ортақ жайт — олардың тілі бір және әрқайсысы бір-бірін түсінеді», - деп көрсетеді. Авторы белгісіз X ғасырдың соңғы ширегіне жататын парсы тілді шығарма — «Шығыстан батысқа дейінгі әлем шекарасы» атты еңбегінде (бұл қолжазбаны ғылыми айналымға 1802 жылы А. Г. Туманский енгізген, анықтамасын берген академик Бартольд). Қыпшақтардың жекелеген топтары, Кимектер еліндегі әдет-ғұрыптары оғыздарға ұқсас Андар аз-хифчак өлкесі туралы деректері аса құнды мәліметтер береді. «Андар аз-хифчак» этнотопонимінің мән-мағынасы туралы бірнеше пікір тұжырымдар бар. В. Ф. Минорский бұл өлкенің атауы «ішкі қыпшақтар» деген ұғымды білдіреді десе, Л.Р. Кызласов бұл этнотопоним «ондар», «аз» және «қыфшақ» этнонимдерінің бірлігін көрсетеді, - дейді. С.М. Ақынжанов және Ю. И. Трифонов бұл құрылымды „ішкі аз қыпшақтары“ немесе „Аз тайпасы қыпшақтары“ ұғымын білдіреді деп қарайды. Дегенмен, бұл анықтамалардың ешқайсысы да парсы тілдерінен грамматикалық нормасына сәйкес келмейді [5, б.35]. В.К. Шуховцов және Б.Е. Көмеков „Худуд әл-Алам“ шығармасының мәтіндік толық талдауына сүйене отырып, қаралып отырған мәселеде Lapsus salami (жазуда жіберілген кемшілік) бар дейді, сондықтан араб полиграфиясына аздаған түзету енгізу қажеттігін ескере отырып, „андар“ сөзін „андақ“ түрінде оқуды ұсынады.

Қолданылған әдебиет тізімі

1. С. Ахинжанов. Қыпшақтар. Алматы: Ғылым, 1995.- 125 б.
2. Орыс жылнамаларының толық жинағы, ОЖТЖ, Мәскеу: Наука. 1993.
3. Б. Боранбай. Қазақ тіл білімінің қалыптасуы мен дамуы. Алматы: 2013.- 225 б.
4. Кумеков Б. Е. Арабские и персидские источники по истории кыпчаков VIII-XIV вв. Алма-Ата, 1987.
5. Ө. Құрышжанұлы, Б.Е.Көмеков, С.Ж.Дүйсен. Ескі қыпшақ тілі. Алматы, 2007.
6. Введение и изучение тюрских языков. М., 1996 г.

УДК 398.215

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛ БІЛІМІНДЕ ӨСІМДІК АТАУЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Сейдагалиева Гүльмира Сайрановна

Guka.seidagalieva_83@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Халықаралық қатынастар факультеті

Түркітану кафедрасының 2 курс магистранты

Ғылыми жетекшісі –Бегимова Г.А.

Қазақ тілінде өсімдіктердің қазақша атауларын лингвистикалық тұрғыдан зерттеген төрт ғалымды атап айтуға болады. Олар: Б. Қалиев, Ө. Қисықов, М. Бимағамбетов және Г. Ұйықбаева.

1958 жылы М. Бимағамбетов өзінің «Қазақ тіліндегі шөп атауларының кейбір мәселелері» деген мақаласын жариялады. Бұл мақалада өсімдік атаулары тіліміздің сөз байлығының аса бір көрнекті тобы екендігі айтылады. М.Бимағамбетовтың бұл мақаласында өсімдік атауларын жасау барысында төрт түлік мал (атқұлақ, тайтұяқ, қозышаған, сиырқұйрық, түйеқарын, түйетабан) мен сол малды ұрыдан, қасқырдан аман сақтайтын, қазақ жеті қазынаның бірі деп білетін итке байланысты жасалған атаулардың (итмұрын, итсигек, иттабан) көп ұшырайтынын мәлімдейді. Автордың бұл сөзінің жаны бар секілді.

Өйткені қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде елеулі орны бар төрт түлік мал мен итке көп көңіл бөлген. Сондай-ақ, М. Бимағамбетов өсімдік атаулары өсімдіктердің негізгі қасиеттеріне байланысты немесе олардың пайдалану ерекшеліктеріне байланысты да қойылатындығын айтады [1, 243 б].

1963 жылы Ө. Қисықовтың «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде өсімдік атауларының берілуі жөнінде» деген мақаласы жарық көрді. Мақала екі томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің 1-ші томының (1959) жарық көруіне байланысты жазылған. Автордың бұл мақаласын жариялаудағы мақсаты – түсіндірме сөздіктің 1-ші томында қамтылған өсімдік атауларына байланысты өз ойын білдіру болатын.

Бұл мақалада Ө. Қисықов халықтың ауызекі сөйлеу тілінде қолданылып жүрген өсімдік атауларының мол екендігін, алайда олардың бір жүйеге келтіріліп жиналмай жүргендігін және олардың орнықпағанын айтады. Сондай ақ, Ө. Қисықов тіліміздегі өсімдік атауларының лингвистикалық тұрғыдан әлі күнге дейін толық деңгейде зерттелінбей жүргендігін айтады [2, 113 б].

Өсімдік атауларын лингвистикалық тұрғыдан зерттеуші ғалымдардың бірі Б. Қалиев. Автор қазақ тіліндегі өсімдік атауларын зерттеуге бірнеше жылын жұмсаған. Алғашқы жылдары өсімдік атауларын жинастыруға, оларды танып білуге, зерттеуге кеткен. Өсімдік атаулары мәселесіне байланысты жарияланған бірінші мақаласы тек үш жыл өткеннен кейін жарық көрген. Содан кейінгі жылдарда қазақ тіліндегі өсімдік атауларына байланысты көптеген зерттеулері жарық көрген. Б. Қалиев жариялаған еңбектерінде қазақ тіліндегі өсімдік атауларын жинастыру мәселелерін, оларды морфологиялық құрылымы жағынан талдау (түбір тұлғалы өсімдік атаулары, туынды тұлғалы өсімдік атаулары, біріккен тұлғалы өсімдік атаулары), әрқайсысына лексика-грамматикалық сипаттама беру, өсімдік атауларының ішіндегі әдеби, ғылыми, халықтық, жергілікті, диалектілік сыңарлары мен фонетикалық нұсқаларын айқындау секілді жалпы мәселелерге және өсімдік атауларының түсіндірме сөздікте берілуі, оларға анықтама беру жолдары, өсімдік атауларының орфографиялық сөздіктегі жазылуы секілді мәселелерге тоқталған.

Еңбектерде өсімдік атауларын жасауда өсімдіктердің ішкі және сыртқы белгілеріне: олардың түріне, түсіне, пішініне, үлкен-кішілігіне, өсетін ортасына, дәмі мен иісіне және пайдалылығына, ерекше қасиеттері мен түрлі ерекшеліктеріне байланысты көптеген түрлі сөздер мен сөз тіркестерінің үлкен роль атқаратындығы айтылған және мысалдар келтірілген. Қазақша өсімдік атауларын жасауда төрт түлік мал мен түрлі жан-жануарлардың атаулары жиі қолданылатындығы көрсетілген [3, 55 б].

Осы зерттеулерде бір өсімдіктің халық арасында әр түрлі аталатындығы, сондықтан өсімдік атауларына байланысты көптеген синонимдер мен омонимдердің қолданыста жүргендігі айтылады. Тіпті бір ғана өсімдік жас кезінде бір түрлі атаумен, өсіп-жетілгеннен кейін екінші атаумен аталатындығы немесе өсімдіктің өзі бір атаумен ал оның жеміс-жидегі екінші атаумен аталатындығы да зерттеуден тыс қалмаған.

Қазақ тіліндегі өсімдік атауларын Г. Ұйықбаева да зерттеген. Г. Ұйықбаева 1983 жылы «Өсімдіктердің халықтық атаулары» деген тақырыпта кандидаттық диссертация жазған.

Г. Ұйықбаеваның бұл ғылыми жұмысында өсімдік атауларын жасауда уәж мәселелері көбірек қарастырылған. Осы мәселені қарастыру үшін автор диссертацияның екі тарауын арнаған. Автордың айтуынша, өсімдіктерге атау беру барысында оларға уәж (мотивем) болып, негізінен өсімдіктердің түсі (қараөрік), көлемі (майдашөп), пішіні (сәбізшөп), мүшелерінің саны (мыңжапырақ), иісі (сасықшөп), дәмі (ащылау алқа), өсетін жері (сужұлдыз), тұрмыстағы қолданылуы (жөке ағаш), медицинадағы қолданылуы (бүйрек шай), қасиеттері (қышытқышөп) алынады екен [4, 70 б].

Қазақ тілінде өсімдік атауларын жан-жақты зерттеген бірқатар ғалымдарымызды көрсеткен болсақ, түрік тілінде өсімдік атауларын зерттеген бірнеше ғалымдарды айтуға болады. Олардың қатарында Т. Байтоп, А. Чолак, Е. Четин, А. Байтоп, Ш. Акалин, К. Алпынар, Ф. Алқайыш.

Бұл ғалымдардың ішінде түрік тіліндегі өсімдік атауларын кеңінен зерттеген, осы тақырыпқа байланысты докторлық диссертация қорғаған Ф. Алқайышты атауға болады. Ғалым өз еңбегінде жазба әдебиеттерде кездесетін түрікше өсімдік атауларын жинастырып, сөздік ретінде көрсеткен. Түрік тіліндегі өсімдік атауларының түрлі деректерде әр түрлі мағынада қолданылып жүргендіктен олардың барлығын жинастырып, ішінен ең тиімдісін және мағынасы жақын нұсқаларын береді. Ф.Алқайыштың еңбегінде түрік тіліндегі өсімдік атауларының жасалу жолдары, олардың қандай тілден енгені, атау беру барысында өсімдіктің қандай ерекшеліктеріне аса көп мән берілгендігін ашып көрсетеді [5, 43 б].

Түрік тіліндегі өсімдік атауларын жан-жақты терең зерттеген тағы бір ғалым Т. Байтоп. Автор түрік тіліндегі өсімдік атауларын зерттеу барысында көптеген еңбектер жазып шықты. Осы тақырып аясында жүргізген маңызды зерттеулерінің бірі «Түрікше өсімдік атауларының сөздігі» атты еңбегі. Бұл еңбекте автор түрік тілінде кездесетін өсімдік атауларын толық қамтуға тырысқан [6, 39 б].

Алайда бұл еңбекте де түрік тіліндегі өсімдік атаулары толық қамтылмаған. Оған себеп, Түркияда ғалымдар күніге жаңа өсімдік түрін шығарады екен. Ол өсімдіктердің көпшілігі ғылымда кең қолданысқа ие латын тілінде аталып жатса да, түрікше аталып жатқандары да жоқ емес.

Қорытындылай келе, екі тілде де өсімдік атауларын тілдік тұрғыдан қарастырып, олардың лексикалық құрамын анықтау, морфологиялық құрылысын айқындау, семантикалық мағынасын ашу болашақтың еншісінде екені айдан анық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. М. Бимағамбетов өзінің «Қазақ тіліндегі шөп атауларының кейбір мәселелері» – Алматы 1958.
2. Ө. Қисықовтың «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде өсімдік атауларының берілуі жөнінде» – Алматы 1963.
3. Қалиев Б. Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары. – Алматы «Ғылым», 1988. – 159б.
4. Г. Ұйықбаева «Өсімдіктердің халықтық атаулары» Филол. ғыл. кандидаты дис. автореф. – Алматы: 1983– 56 б.
5. Fatih Alkayış. Türkiye Türkçesindeki bitki adları, Türk dili ve edebiyatı anabilim dalı. Doktora tezi. Kayseri 2007.
6. Turhan Baytop. Türkçe bitki adları sözlüğü. Ankara 1994.

УДК 81.81

М. ҚАШҚАРИДЫҢ «ДИУАНИ ЛУҒАТ-ИТ-ТҮРІК» ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ ТУЫСТЫҚ АТАУЛАРДЫҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Спатаева Еркежан Серікболқызы

Erkejan_96_96@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Халықаралық қатынастар факультеті

Түркітану кафедрасының 2 курс магистранты

Ғылыми жетекшісі – Қосыбаев М.М.

Түркі халқының дүниетанымы көшпелі салтқа негізделген. Түркілер тіліндегі саналуан атаулар әскери және көшпелі салттың негізінде қалыптасқан. Түркілерде белгілі бір атау кейде нақты атаумен шектеліп жатса, кейде дүниетанымдық, кейде ауыспалы мағынада қолданылады. Осыған байланысты белгілі бір тілдегі немесе тілдер тобындағы туыстық атауларды зерттеу қиындықтары да бар. Және де лексика-семантикалық топтағы басты туыстық қатынастарды бейнелейтін атаулар әрбір тілдегі негізгі сөздік қорға кіреді. Туыстық қатынастар атаулары – әрбір этностың даму барысында пайда болған. Туыстық мәселелерін